

**Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 128 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 7480 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 16 наурыздағы № 322 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 16.03.2020 № 322 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сарыкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 59 "Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6731 тіркелген, 2016 жылғы 27 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті сессияның төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г. Батуринец  
К. Базарбаева*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ С. Ғайсенов

Мәслихаттың

## Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объекті	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтар жинақталуының жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,13
2	Жатақханалар	1 орын	1,3
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,4
4	Балабақшалар	1 орын	1,21
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, жинақ банкттері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,57
6	Емханалар	1 адам	0,5
7	Ауруханалар	1 төсек орын	1,7
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Дәмханалар	1 орын	1,25
10	Стадиондар	ж о б а бойынша 1 орын	0,14
11	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,6
12	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
13	Базарлар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
14	Азық-түлік тауарларының қоймалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
15	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
16	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
17	Автомобильді жуу орындары, автожанармай құю стансалары	1 машина-орын	1,24
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,57
19	Шаштараздар	1 жұмыс орны	1,2
20	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,2
21	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,35

